



ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ  
КАЗАХСТАН

КЕАҚ «А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ ӨҢІРЛІК УНИЕРСИТЕТІ  
НАО «КОСТАНАЙСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА



# БАЙТҰРСЫНОВ ОҚУЛАРЫ

Халықаралық ғылыми-практикалық  
конференция материалдары

# БАЙТУРСЫНОВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Материалы международной  
научно-практической конференции

# BAITURSYNOV READINGS

International scientific and research  
conference content



Қостанай - 2021



А.Байтұрсынов  
атындағы  
Қостанай өңірлік  
университеті



Костанайский  
региональный  
университет имени  
А.Байтұрсынова

**Байтұрсынов оқулары**  
Халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
материалдары

**Байтұрсыновские чтения**  
Материалы международной научно-практической  
конференции

**Baitursynov readings**  
International scientific and research conference content

Қостанай, 2021 ж.

**Редакциялық кеңес:**

Дошанова А.И., экономика ғылымдарының докторы, профессор; Шайкамал Г.И. ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты; Исмаилов А.О., техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор; Қабылдинов З.Е. тарих ғылымының докторы, профессор; Замаратская Г. профессор; Бектурганова Р.Ч. педагогика ғылымдарының докторы, Кушнир В.Г. техника ғылымдарының докторы, профессор; Мустафин М.К. ветеринария ғылымдарының докторы, профессор.

**Редакционный совет:**

Дошанова А. И., доктор экономических наук, профессор; Шайкамал Г. И. кандидат сельскохозяйственных наук; Исмаилов А. О., кандидат технических наук, ассоциированный профессор; Кабылдинов З. Е. доктор исторических наук, профессор; Замаратская Г. профессор; Бектурганова Р. Ч. доктор педагогических наук, Кушнир В. Г. доктор технических наук, профессор; Мустафин М. К. доктор ветеринарных наук, профессор.

**Editorial board :**

Doschanova A. I., Doctor of Economic Sciences, Professor; Shaikamal G. I., Candidate of Agricultural Sciences; Ismailov A. O., Candidate of Technical Sciences, Associate Professor; Kabyldinov Z. E., Doctor of Historical Sciences, Professor; Zamaratskaya G. Professor; Bekturganova R. C., Doctor of Pedagogical Sciences, Kushnir V. G., Doctor of Technical Sciences, Professor; Mustafin M. K., Doctor of Veterinary Sciences, Professor.

**Т29** «ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ХХІ ғасырдағы қарқынды дамып келе жатқан мемлекеттің жетістіктері мен оны құрудың сенімді негізі ретінде» атты «Байтұрсынов оқулары – 2021»: 2021 жылдың 30 сәуіріндегі Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының материалдары: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2021. – 241 б. = «Байтұрсыновские чтения - 2021» на тему: «НЕЗАВИСИМЫЙ КАЗАХСТАН: достижения и успехи как надежная основа построения динамично развивающегося государства ХХІ века»: Материалы международной научно-практической конференции 30 апреля 2021 года. - Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2021. – 241 с.= «Baitursynov readings-2021» on the topic: «INDEPENDENT KAZAKHSTAN: achievements and successes as a reliable basis for building a dynamically developing state of the XXI century»: Materials of the international scientific and practical conference on April 30, 2021. - Kostanay: Kostanay Regional University named after A. Baitursynov, 2021. - 241 p.

**ISBN 978-601-7481-91-9**

«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ХХІ ғасырдағы қарқынды дамып келе жатқан мемлекеттің жетістіктері мен оны құрудың сенімді негізі ретінде» тақырыбындағы «Байтұрсынов оқулары-2021» Халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференция жинағында Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің қалыптасуы мен нығаюы кезеңіндегі заманауи саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, білім беру және тарихи-мәдени үрдістерді зерделеу, еркін пікір алмасу, ғылыми зерттеулердің нәтижелері үшін пәнаралық диалог алаңын құру жөніндегі тұжырымдамалық ережелер мен ұсынымдар бойынша ғылыми мақалалар ұсынылған

Осы жинақтың материалдары ғалымдар мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, магистранттар мен студенттерге пайдалы болуы мүмкін

В сборнике Международной научно-практической конференции «Байтұрсыновские чтения - 2021» на тему: «НЕЗАВИСИМЫЙ КАЗАХСТАН: достижения и успехи как надежная основа построения динамично развивающегося государства ХХІ века»: представлены научные статьи по вопросам, создание междисциплинарной диалоговой площадки для свободного обмена мнениями и результатами научных исследований по проблемам изучения современных политико-правовых, социально-экономических, образовательных и историко-культурных процессов в контексте становления и укрепления независимости Республики Казахстан и выработки концептуальных положений и рекомендаций по изучению обозначенных проблем.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям высших учебных заведений, магистрантам и студентам.

In the collection of the International Scientific and Practical Conference " Baitursynov readings - 2021" on the topic: "INDEPENDENT KAZAKHSTAN: achievements and successes as a reliable basis for building a dynamically developing state of the XXI century": scientific articles on the issues, the creation of an interdisciplinary dialogue platform for the free exchange of views and research results on the study of modern political, legal, socio-economic, educational and historical and cultural processes in the context of the formation and strengthening of the independence of the Republic of Kazakhstan and the development of conceptual provisions and recommendations for the study of these problems are presented.

The materials of this collection may be of interest to scientists, teachers of higher educational institutions, master students and undergraduates.

**ӘОЖ 001  
КБЖ 72**

Авторлардың пікірі редакциялық кеңес көзқарасына сәйкес болмауы мүмкін.Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды. Тапсырылған материалдар үшін жауапкершілік авторларға жүктелген. Материалдарды қайта басып шығаруда конференция материалдарына сілтеме жасау міндетті.= Мнение авторов не всегда отражает точку зрения редакции. Рукописи не рецензируются и не возвращаются. За достоверность предоставленных материалов ответственность несет автор. При перепечатке материалов ссылка на журнал обязательна.= Opinions of authors may not always coincide with the opinions of editors. Manuscripts are not censored or recalled. Authors are responsible for the adequacy of the information provided. If reprinting of the content is to take place, a reference to the conference content is obligatory.

**Дошанова Алма Иргитаевна - И.о. Председателя  
Правления-Ректора Костанайского регионального университета  
имени А.Байтурсынова, кандидат экономических наук, профессор**

### **Уважаемые участники и гости конференции!**

Мы рады приветствовать участников конференции - наших коллег из вузов Казахстана, а также ближнего и дальнего зарубежья – США, Германии, Швеции, России.

Текущий год является для нашей страны юбилейным – 30-летие независимости Республики Казахстан. Сегодня Казахстан - независимое, демократическое и правовое государство. По данным комитета по статистике Минфина на 1 октября 2020 года, население республики превышает 18,8 миллиона человек. Казахстан занимает девятое место в мире по территории.

Первое десятилетие Казахстана является переломным, где формируется фундамент независимости новой экономической и политической системы.

Второе десятилетие - это период расширения горизонтов нашей государственности. В это время создавался имидж нашей страны за рубежом, мы упрочнили образ страны, которая может не только отказаться от ядерного оружия, но и объединить представителей разных этносов и религий.

Третье десятилетие - это время работы над собой. Наряду с политическими и экономическими реформами мы уделяли особое внимание духовной модернизации, где одним из главных векторов является конечно же образование и наука.

За годы Независимости сформирована национальная модель образования, направленная на повышение качества подготовки человеческих ресурсов, удовлетворение потребностей личности, общества и государства. Сформирована нормативная правовая база. Приняты законы Республики Казахстан «Об образовании», «О высшем образовании», «О науке», «О правах ребенка в Республике Казахстан», «О государственной образовательной накопительной системе», «О коммерциализации результатов научной и (или) научно-технической деятельности», «О статусе педагога» и другие.

Казахстан с момента обретения Независимости является активным участником авторитетных рейтингов. Это подтверждение открытости социально-экономической политики страны. По Индексу человеческого развития наша страна за последние 10 лет поднялась на 16% и вошла в группу стран с очень высоким человеческим капиталом.

С 1999 года вузы Казахстана перешли на новую модель формирования студенческого контингента высших учебных заведений на основе государственного образовательного заказа. Принят закон о расширении академической и управленческой самостоятельности вузов. С 2010 года Казахстан является участником Болонского процесса. Осуществлен переход к трехступенчатой модели подготовки кадров: бакалавриат - магистратура - докторантура. Важным показателем качества и привлекательности отечественной системы высшего образования выступает степень ее интернационализации. Число казахстанских вузов в международном рейтинге лучших университетов мира QS, выросло с 5-ти до 10-ти (за 2011, 2020 год, соответственно). Функционирует Государственная образовательная накопительная система. С 2011 года в стране функционирует высшее учебное заведение мирового уровня - Назарбаев Университет. 62 вуза (64,8%) внедряют опыт Назарбаев Университета. Увеличены зарплаты ППС через повышение стоимости государственного образовательного гранта. 2011 году принят Закон РК «О науке», регулирующий общественные отношения в области науки и научно-технической деятельности и определяющий основные принципы и механизмы функционирования и развития национальной научной системы РК. Начиная с 2015 года, ведется работа по стимулированию научной деятельности путем коммерциализации ее результатов. До 2025 года планируется довести долю финансирования науки до не менее 1% от ВВП. Казахская наука открыта для коллаборации с зарубежными учеными. Получены значимые научные достижения по научным проектам и программам. В 2020 году создана отечественная вакцина против коронавирусной инфекции COVID-19.

Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова является активным участником развития национальной модели образования. В вузе ведется подготовка по 174 ОП бакалавриата, 79 ОП магистратуры, 18 докторантуры. 70 % программ университета входят в республиканский ТОП-10 рейтинга ОП вузов, проводимого НПП «Атамекен» по заказу МОН.

Цель университета - вхождение к 2025 году в ТОП-3 лучших региональных многопрофильных вузов Казахстана.

Подтверждаются лидерские позиции вуза по количеству и устойчивости реализуемых международных проектов ERASMUS и ERASMUS+: в образовательные программы внедряются результаты 14 проектов по всем направлениям подготовки кадров.

Университет имеет налаженные партнерские связи более чем со 100 вузами дальнего и ближнего зарубежья. Ведется активная работа по развитию внешней академической мобильности с вузами Польши, Чехии. В текущем учебном году около 600 студентов Узбекистана и России прошли обучение в КПУ по программе виртуальной мобильности.

Реализуется ратифицированный Правительствами Казахстана и России проект создания инжинирингового центра совместно с ПАО КАМАЗ; ведутся работы по преобразованию университета в Центр академического превосходства.

В университете реализуется 12 научных проектов грантового финансирования МОН РК с общим финансированием 255 млн.тенге, ежегодно осуществляются научно-исследовательские работы по запросам предприятий на общую сумму 40 млн.тенге. Большое внимание уделяется природо- и ресурсосберегающим технологиям: разработаны и внедрены 3 международные образовательные программы по альтернативной энергетике и управлению отходами.

Наука – это национальный ресурс, неизменная составляющая экономического процветания государства, залог будущего страны. Каждый из Вас своим трудом, энергией и энтузиазмом вносит неоценимый вклад в развитие науки.

Желаю успехов в работе, новых открытий, творческих достижений, здоровья и благополучия!

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ӨМІРШЕҢДІГІ: ПРОБЛЕМАЛАР МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Фазылжанова Анар Мұратқызы

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры

**Тілдің өміршеңдігі.** Сандық, сапалық және бағалау белгілеріне сәйкес тілдік жағдаяттарды сараптау *критерийін* (өлшемін) айқындау негізінде көптілді білім беруді ғылыми өлшемдік қамтамасыз ету ретінде социолингвистикалық мониторинг әзірлеу барысында қазақ тілінің әлеуметтік мәселелерін зерделеу, талдау жөнінде біршама ғылыми зерттеулер жүргізілгенімен, әлі де көптеген ізденісті қажет етеді. Қазақстандағы жаңа әліпбиге көшумен байланысты тілтанымдық реформа тұрғысынан тілдің өміршеңдік параметрлерін қайта сипаттау және анықтау ерекше өзекті болып отыр.

Тілдің өміршеңдігі (лат. *vitalis* – «өміршең») – тілдің өмір сүруге, дамуға қабілеттілігі, бейімділігі, икемділігі. Тіл өміршеңдігі мынадай объективті және субъективті көрсеткіштер жиынтығымен өлшенеді:

1. **Әлеуметтік-саяси көрсеткіш**, оның ішінде тілді мәртебелік және корпустық жоспарлаудағы мақсатты тіл саясатының жүргізілуі, тіл дамыту мен оған қамқорлық жасаудың нақтылы Мемлекеттік бағдарламасының болуы, тілдің толық мәнде қызметін қамтамасыз ететін әлеуметтік инфрақұрылымдардың дамуы (білім беру мекемелері, баспасөз, теле-радиокомпаниялар желісі мен телебағдарламалар, кітап басу ісі және т.б.).

2. **Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіш**, оның ішінде мемлекет шегінде өзге тілдік ұжымдарға қарағанда сол тілде сөйлеушілер саны, сол этникалық топтың жалпы санының ішіндегі тіл тұтынушылардың (ана тілі ретінде білетіндер саны) жастар арасындағы, сол тілдегі монолингвтер мен билингвтер саны, сол тілдегі қос тілді білетіндер дәрежесі т.б.

3. **Лингвистикалық көрсеткіш**, оның ішінде әдеби тілдің болуы, тілдік норманың қалыптануы мен тұрақтылығы, тілдік жаңартпалардың таралу жылдамдығы, шеттілдік әсерге қарсы тұру қабілеті, салалық терминдік жүйенің болуы, сөздік қордың даму динамикасы т.б.

4. **Әлеуметтік-функционалдық көрсеткіштер** – бұл тілдің әлеуметтік қызметінің қоғамдағы біршама маңызды өмір салаларында, оның ішінде алдымен ағарту саласында (тілдік құзыреттіліктің негізгі салаларында қалыптасуы), ғылымда (гуманитарлық және жаратылыстану-техникалық), бұқаралық ақпарат құралдары, әкімшілік қызметте және іс қағаздарын жүргізуде, сот ісін жүргізуде, өнеркәсіп орындарында және өндірістің өзге салаларында қолданылумен өлшенеді.

5. **Ұлттық-мәдени көрсеткіштер**, оның ішінде ұлттық өнерде, театр, кино, дінде, әдебиеттің әр алуан түрлеріндегі (көркем әдебиет, лексикография, діни, іскерлік, оқулық, терминологиялық т.б.) тілдің қолданыс деңгейі және ғұрыптық дәстүрдің болуы т.б.

Қазақ тілінің өміршеңдігі туралы Н.Уәли, Э.Сулейменова, З.Ахметжанова т.б. сынды ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде біршама ғылыми пайымдаулар айтылды. Зерттеушілер тіл өміршеңдігінің негізгі белгілері мен параметрлерін анықтау арқылы қазақ тілінің сол кезгі жағдайын көрсетіп отырды. Ал қазіргі саяси, мәдени, әлеуметтік түрткіжайттар негізіндегі қазақ тілінің өміршеңдігінің басты белгісі ретінде мыналарды көрсетуге болады:

- 1) ұлттық сананың өсуі мен ұлттық құндылықтардың бағалануы;
- 2) ұлттық мәдениет пен ұлттық көркем әдебиеттің болуы;
- 3) өмірдің әртүрлі салаларында мемлекеттік тілдің әлеуметтік қызметінің артуы;
- 4) 10 жасқа дейінгі балалардың мемлекеттік тілде еркін сөйлеуі;
- 5) қазіргі үштілділік жағдайында мемлекеттік тілдің қоғамдағы орнының кеңейуі, балабақша мен мектеп жасындағы балалардың мемлекеттік тілде білім алуына жағдай жасауға ерекше мән берілуі;
- 6) латынненгізді жаңа ұлттық әліпбиге көшумен байланысты тіл саясатындағы жазу реформасына басымдық берілуі (қазақ тілі оқулықтарының жаңа әліпбимен қайта басылып шығуы, қазақ тілі

ғылыми курсы мазмұнының толығыуы, ономастикалық кеңістіктің латынграфикалы әліпбимен қайта таңбалануы барысындағы реттелуі, ұлттық сипат алу, терминдік жүйенің стандартталу шаралары).

Қазіргі уақытта Қазақстанда қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданылатын тіл – мемлекеттік және ұлттық тіл – қазақ тілі. Қазақ тілі ғаламшардағы 7 мыңнан астам тіл арасында ауызша, жазбаша түрі жетілген, әдеби нормасы кодификацияланған, қалыпқа түскен бірізділігімен және мәдени дәстүрімен ерекшеленетін алдыңғы 70 тілдің ішінен өз орнын алып отыр. Әлемдегі дамыған 600 тілдің, мемлекеттік мәртебеге ие болған 259 тілдің санатына кірді.

Қазақстандағы қазіргі тілдік жағдаятта тілдік құзіреттіліктері төмендегідей сипатталатын тіл иелмендері қалыптасып отыр:

- қазақ-орыс қостілділігі;
  - орыстілділер (орыстар, белорустар, украиндар, поляктар, немістер, кәрістер, гректер, молдовандар, морвиндер, чуваштар және т.б.);
  - этностық-қазақша, этностық-орысша екітілдік немесе этностық-орысша-қазақша үштілділік (өзбектер, ұйғырлар, түріктер, күрдтер, өзербайжандар, тәжіктер, шешендер, қырғыздар, татарлар, дүнгендер, башқұрттар және т.б.);
  - қазақ-орыс-ағылшын үштілділігі.
- Мынадай тілдік топ түрлерін атап көрсетуге болады:
- тек қазақша сөйлейтіндер (негізінен қазақтар);
  - тек қазақ және орыс тілдерін меңгергендер (негізінен қазақтар);
  - тек орысша сөйлейтіндер (негізінен орыс диаспорасының өкілдері);
  - қазақ тілінен басқа, орыс және этностық тілдерде сөйлейтіндер (көбінесе славяндар);
  - қазақ тілінен басқа этностық тілдерді білетін және орыс тілін білмейтіндер (негізінен түркітілдес диаспора өкілдері);
  - этностық және қазақ тілінде сөйлейтін, орыс тілін білмейтіндер (негізінен оралман қазақтар мен түркітілдес ұлт өкілдері);
  - этностық және қазақ тілдерінде, сонымен қатар орыс тілінде сөйлейтіндер (негізінен түркітілдес ұлттар мен славяндар);
  - ағылшын тілін меңгергендер (негізінен жастар, ұлтына қарамастан);
  - ағылшын тілін білмейтіндер (негізінен ауылдық жерлердегі аға ұрпақ).

Қазіргі Қазақстандағы тілдік жағдаят мынадай әлеуметтік тілтанымдық шамалар бойынша сипатталады:

- *Біріншіден*, Кеңестік кезеңнен қалыптасып қалған экзоглоттық тілдік жағдаят эндоглоттыққа қарай ойысып келеді. Яғни елдегі қазақ тілі мен орыс тілінің арасындағы қатынас өзгерді: қазақ тілінде сөйлейтіндердің саны артты және болашақта да көбею үрдісімен ерекшеленеді. Қазіргі Қазақстандағы түркітілдес диаспора өкілдерінің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі жылдан-жылға өсіп келеді. Ресми мәліметтер бойынша түркітілдес халықтардың ішінде өзбектердің 95,5%-ы, ұйғырлардың 93,7%-ы, қырғыздардың 92,7%-ы қазақ тілін сөйлеу тілі деңгейінде, ал 12%-ы қазақша оқып, жаза алатын жоғары деңгейде меңгергені анықталып отыр. Славян диаспорасы ішінде орыстардың 25%-ы, украиндардың 21,05%-ы, белорустардың 19%-ы, поляктардың 20,9%-ы, сондай-ақ неміс диаспорасының 24%-ы ауызекі қазақ тілін түсінеді. Аталған диаспоралар ішінде қазақша оқып, жаза білетіндер үлесі – 2,9%-ды құрайды. Бұл үдерісті дұрыс арнаға бұрып, тіл саясатын іске асыру мемлекеттік бағдарламалары арқылы диаспора арасындағы қазақ тілінің дамуына әрі қарай жағдай жасалатын болса, мемлекеттік тілде сөйлейтіндердің қатары 2 746 755 адамға толығатын еді.

Көрсетілген сандық өзгерістер мемлекеттік тіл қолданысының сапасын жақсартуды талап ететін үрдістердің қалыптасуына негіз болды.

- *екіншіден*, мемлекеттік тілдің демографиялық базасының күшеюі қоғамдық санадағы сапалық өзгерістерді тудырды. Бұған дейін орыс тілі басымдық танытқан этносаралық коммуникация мен ресми қарым-қатынас саласында да мемлекеттік тілдің қолданысын талап ету күннен-күнге күшейіп келеді. Мұны әртүрлі этнос өкілдері тарапынан да мемлекеттік тіл бойынша құқықтарын бұзбауды талап ету фактілерінің артуынан көруге болады.

Әлеуметтік тілтаным саласының мамандары мемлекеттік тіл өміршеңдігінің әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-демографиялық, тілтанымдық, әлеуметтік-функционалдық, ұлттық-мәдени параметрлерін анықтады. Осы параметрлер бойынша қазақ тілінің **қазіргі ахуалы** төмендегідей сипатталады.

**1) Тілдің статустық және корпустық жоспарлануы бойынша жүргізілетін мақсатты тіл саясатының жүзеге асырылуы**

**Статустық жоспарлауда** мемлекеттік тілдің қызмет аясын кеңейту, нормативтік базасын күшейту бойынша бірқатар шаралар атқарылды.

**Корпустық жоспарлауда** Тәуелсіз Қазақстанның тіл саясаты біршама жүйелі шараларды жүзеге асырды. Атап айтқанда, мемлекеттік тілдің ғылыми-тілтанымдық базасы жасалды: ортологиялық еңбектер әзірленіп, таратылды, терминологиялық жүйе, ономастикалық кеңістікті реттеу шаралары қолға алынды. Мәселен, 2007 жылы Тіл комитетінің қолдауымен алғаш рет 100 000 дана таралыммен *Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі*, Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі, Қазақ тілінің синонимдер сөздігі, Қазақ тілінің тұрақты теңеулер, Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі, Қазақ тілінің фразео-

логиялық сөздіктері тегін таратылды. 93 мың сөзді қамтитын иллюстративтік материалы берілген лингвомәдениеттанымдық сипаттағы 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі», 106 мың сөзді қамтитын тұңғыш Үлкен түсіндірме «Қазақ сөздігі» жарық көрді. 15 томдық «Қазақ әдеби тілі сөздігінің», «Қазақ сөздігінің» Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты сайтында электрондық нұсқалары фаламторда қолжетімді.

## **2) Тілді қолдау, дамытуға бағытталған нақты Мемлекеттік бағдарламалар**

Ғалымдардың бағалауынша 2001-2010 жж. арналған Тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасы – сол кездегі тілдік, демографиялық және саяси ахуалды ескере отырып, елдің полиэтникалық халқының қажеттіліктеріне сәйкес, этносаралық және тіларалық қатынастардың тұрақтылығын сақтауға бағытталса, «2011-2020 жж. арналған Қазақстан Республикасындағы тілдерді дамыту мемлекеттік бағдарламасының» мақсаты Қазақстанда тұратын барлық этнос тілін сақтай отырып, ұлттық бірегейлікті нығайтудың маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің толыққанды қызметін қамтамасыз ету болды.

### **1) Мемлекет аясындағы басқа тілдік ұжымдағылармен салыстырғанда қазақ тілінде сөйлейтіндер үлесі**

2009 жылғы Әлеуметтік санақ мәліметтері бойынша 12 156 705 адамның 8 992 177-і (74 %-ы) қазақ тілін ауызша түсінетіні, 7 880 008-і (64,8 %-ы) еркін оқитыны, 7 531 198-і (62 %-ы) еркін жазатыны белгілі болды. Бұл жағдайдың қазақ тілінің пайдасына қарай ойысқанын соңғы әлеуметтік зерттеулердегі орыс диаспорасы өкілдерінің **2,7 %-ы**, өзге этнос өкілдерінің **9,4 %-ы** қазақ тілін ана тілі ретінде көрсеткені анықталып отыр.

### **2) Қазақ тілінде ана тілі ретінде сөйлейтіндердің үлесі**

2009 жылғы Әлеуметтік санақ 16 009 597 халықтың жалпы санының 10 096 763-і қазақ ұлтының өкілі екенін, ал бұлардың ішінде 9 982 276-сы қазақ тілін өз ана тілі ретінде көрсетті. Қазақ ұлты 2009 жылы Қазақстан халқының 63,1%-ын және қазақ тілін ана тілі деп танытындардың үлесі ел халқына шаққанда **62,4%-ды** құраса, 2018 жылғы статистикалық деректер қазақ ұлты өкілдерінің ел халқына шаққанда 70%-ын құрағанын, ал қазақ тілін ана тілі ретінде көрсеткен қазақтардың үлесі 95% екенін анықтады. Сонымен, бүгінгі күні қазақ тілін ана тілі ретінде қолданатын қазақтар қазақстандықтардың **65%-ын** құрайды. Бұған қазақ тілін ана тілі ретінде көрсеткен орыс және өзге диаспора өкілдерін қосса, қазақстандықтардың **77%-ы** қазақ тілін ана тілі ретінде қолданатын болып шығады.

### **3) Қазақ тілінде ана тілі ретінде сөйлейтін жастардың үлесі**

2009 жылғы әлеуметтік санақ бойынша 15 жастан бастап 70 және одан үлкен жастағы адам саны 8 992 177 болса, 15-19 жастағылардың 1 349 305-і (15 %-ы) қазақ тілін ауызша түсінеміз, 1 241 597-і (15,8 %-ы) еркін оқимыз, 1 189 772-і (15,8%-ы) еркін жазамыз деп көрсеткен. Сол сияқты 20-24 жастағылардың 14,5%-ы қазақ тілін ауызша қолданатыны, 14,8%-ы еркін оқитыны, 14,8%-ы еркін жазатыны; 25-29 жастағылардың 11,6%-ы ауызша сөйлейтіні, 11,7%-ы еркін оқитыны, 11,7%-ы еркін жазатыны анықталды. Ал одан бері өткен он жылдың ішінде қазақ тілін ана тілі ретінде қолданатын жастардың саны да, олардың тілдік құзірет сапасы да артты. Мәселен, 2017-2018 оқу жылында жалпы білім беретін мектептегі 2 972 200 оқушының 1 960 800-і, яғни **66%-ы** қазақ мектептерінде, 542 458 ЖОО студенттерінің 350 397-ы, яғни **65%-ы** қазақ факультеттерінде оқыды.

### **1) Білім беруде**

**Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде** мемлекеттік тілде оқытатын ұйым саны артып келеді. 2016 жылы балабақшаларда мемлекеттік тілде оқытын балалар саны **593 758** адамды құрады. Бұл балабақшадағы балалардың жалпы санының **73,6%-ын** қамтиды [43].

Қызылорда, Батыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында қазақ тілінде оқытатын және мектепке дейінгі тәрбие беретін ұйымдар басым. Олардың үлесі 80% - дан асады.

Қазақстанда барлығы **жалпы білім беретін** 7014 мектеп бар, оның 3749-ы қазақ, 1195-і – орыс, 2046-сы қазақ-орыс аралас тілде, ал 12-сі – өзбек, 11-і – ұйғыр, 1-еуі – тәжік тілдерінде білім береді. Бұл мектептерде 2017-2018 оқу жылында барлығы 2 972 200 оқушы білім алса, оның 1 960 800-і қазақша, 909 500-і орысша, 101 900-ы өзге тілдерде оқиды, яғни барлық оқушылар санының **66%-ы** қазақ тілінде білім алады. Орта білім беру саласында қазақ тілінде оқытатын күндізгі мектептер желісі 1993 жылдан бастап 383 бірлікке (11,3%) өсті. Қазақ тілінде білім алатын оқушылардың үлесі 1991 жылдан 2016 жылға дейін 2 есе (тисінше 33,8%-дан 62%-ға дейін) өсті.

### **3) Бұқаралық ақпарат құралдарында**

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігінің мәліметі бойынша 2018 жылы Республикадағы Бұқаралық ақпарат құралдарының жалпы саны – 3328, оның ішінде тіркелген газет-журнал саны – 2790 (1800 газет, 990 журнал), телеарналар – 128, радиолар – 70, ақпарат агенттіктер (сайттар) – 181, мерзімдік басылым – 159. Бұлардың қазақтілдісі – 548, орыстілдісі – 850, қазақ-орыстілдісі – 1160, үш және одан көп тілдегісі (*оның ішінде басқа тілдерде*) – 770 [21].

2014 жылдың қорытындысы бойынша Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру тапсырмасы 100 БАҚ арқылы (телеарналар, газеттер, журналдар, интернет-ресурстар) жүзеге асырылды. Оның ішінде барлық телеарналар (эфирдің 50 %-ы – қазақ тілінде), 18 газет, 21 журнал, 20 интернет-ресурс қазақ тілінде ақпарат берді. 2014 жылы қазақ тіліндегі бұқаралық ақпарат құралдары контентінің үлесі 55%-ды құрады, ал **2017 жылы 71%-ға** ұлғайды. Мемлекеттік БАҚ эфирінде мемлекеттік тілдегі жаңа

тележобалар саны артты. Балалар мен жұртшылыққа қазақ тілін оқытуға арналған анимациялық фильмдер топтамасы әзірленіп, интернет-ресурстарда орналастырылды.

Басылымдардың мемлекеттік тілдегі үлесі: «Егемен Қазақстан» республикалық газеті 100% қазақ тілінде, «Жас Өркен» ЖШС – 62% (газеттер – 49%, журналдар – 51%), «Қазақ газеттері» ЖШС – 58% (газеттер – 40,5%, журналдар – 69,5%), «ҚазАқпарат» ХАА – 50%, «Казконтент» АҚ – 70%.

**Бүгінгі тіл саясатының шаралар желісі мен жүйесі мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:**

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік бірегейлігінің басты факторы, ұлт тұтастығының кепілі ретіндегі **мемлекеттік тілдің** қоғам өмірінің барлық салаларындағы қолданысын кеңейту, мәдениетін арттыру, толыққанды қызметін жүзеге асыру;

- ұлттық рухты, қазақ халқының өміршеңдігін қалыптастырушы, Қазақстан қоғамы рухани жаңғыруының құралы болып табылатын ұлттық тіл ретіндегі қазақ тілінің қорғалуын, сақталуын, жетілуін қамтамасыз ету;

- жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесіне теңдессіз үлес қосқан, Қазақстан аумағында ғана емес, ҚХР, Ресей Федерациясы, Түркия, Ауғанстан, Иран, т.б елдерде қоныстанған өкілі бар қазақ мәдениетін қалыптастырушы, сақтаушы, тасымалдаушы фактор ретінде қазақ тілінің халықаралық кеңістіктегі беделін көтеру;

- ортақ тарих және титулдық қазақ ұлтының толеранттылығы негізінде қалыптасқан, әлемдік тәжірибеде теңдесіз прецедент болып мойындалған қазақстандық ұлтаралық татулық пен өзара келісімді қамтамасыз ететін этносаралық қарым-қатынас тілі ретіндегі қазақ тілінің коммуникативтік мәртебесін нығайту, қолданысын кеңейту;

- қазақ тілінің халықаралық қатынас тілі ретіндегі қызметін жетілдіру (қазақ тілі орыс, белорус, армян, қырғыз тілдерімен қатар Еуразиялық экономикалық одақтың ресми тілі болып саналады);

- латынграфикалы жаңа әліпби негізінде ұлттық жазу реформасын жүзеге асыру.

Қазіргі Қазақстандағы қазақ тілінің даму үрдістерін ескере отырып, жүзеге асырылған іс-шаралар нәтижесінде саланың даму деңгейі мынадай болмақ:

- мемлекеттік тіл ретіндегі қазақ тілінің нормативтік базасын күшейту, инструменталды әдістермен жетілдіру, әсіресе ғылым мен білім берудегі, экономикалық, қаржы және басқару секторындағы, сот ісі мен заңнамадағы, БАҚ және Интернет кеңістігіндегі қолданысын кеңейту шаралары жүзеге асырылады;

- ұлттық тіл ретіндегі қазақ тілінің дыбыстық, лексика-фразеологиялық, соның ішінде терминологиялық және ономастикалық қорларын, грамматикалық жүйесін зерттеуге, жетілдіруге және ғылыми-көпшілік, көпшілікқолды әдебиеттер, интернет-ресурстар, онлайн оқу құралдары, түрлі форматтағы ортологиялық т.б. құралдар арқылы кеңінен насихатталуына қатысты шаралар жалғасын табады;

- қазақ тілінің қазақ мәдениетін қалыптастырушы, сақтаушы, тасымалдаушы фактор ретіндегі әлемдік қауымдастықтағы бағалануын, халықаралық кеңістіктегі беделінің көтерілуін қамтамасыз ететін «жұмсақ күш» ресурсын елдің ішкі және сыртқы саясатының, ұлттық және тіл саясатының бір құралы ретінде қолданысқа енгізудің тетіктері жасалады;

- қазақ тілінің Қазақстан территориясындағы этносаралық қарым-қатынас тілі ретіндегі мәртебесін нығайтуға, қолданысын кеңейтуге арналған шаралар желісі жүзеге асырылады;

- қазақ тілінің халықаралық қатынас тілі ретіндегі қолданысын жетілдіру және шетелдерде оқытылуын қамтамасыз ету жұмыстары жүзеге асырылады;

- отандық және Қазақстан қатысатын халықаралық коммуникация алаңдарындағы қазақ тілінің латын әліпбиі негізіндегі графикалық кеңістігін қалыптастыру, ұйымдастыру, реттеу және дамыту жұмыстары жүзеге асырылады.

Латынграфикалы әліпбиге көшудің ағашқы (2021-2025 жж.) кезеңіндегі тіл саясатының басты мақсаты қазақ тілінің 1) ұлттық, 2) мемлекеттік және 3) этносаралық қарым-қатынас тілі ретінде толыққанды қызметін қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесінің стратегиялық өзірлемесін жасау және жоспарлы жетекшілігін жүзеге асыру болуы тиіс.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Сулейменова Э.Д. «Казахстанская русистика: IS91-2001» материалы конференции МАПРЯЛ «Русский язык социально-культурном пространстве XXI века». Алматы, 2001

2. <https://www.ethnologue.com/guides/how-many-languages>

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті // Бүгінгі Қазақстан Қазақ тіліндегі қысқаша анықтамалығынан алынды. Электрондық нұсқасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) Интернет-ресурсында орналастырылған.

4. Ахметжанова З. Витальность казахского языка как проблема языкознания и языковой политики // Вестник ПГУ, №1, 2010

5. Сулейменова Э.Д. Витальность казахского языка и языковое планирование. (Статья вторая). Вестник КазНУ. Серия филологическая, №2(132).2011

6. Сулейменова Э.Д. Очерк языковой политики и языковой ситуации в Казахстане // Russian Language, Vol. 59, 2009.



7. «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1000001128>

8. 26. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту комитеті «Сана» тәуелсіз ақпараттық талдау орталығы. «Қазақстан Республикасының тілдік саясаты сұрақтары бойынша социологиялық сараптамалық зерттеу», Астана, 2018ж.

9. [www.stat.gov.kz/consus/national/2009/general](http://www.stat.gov.kz/consus/national/2009/general)

10. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жай-күйі және дамуы туралы ұлттық баяндама (Қазақстан тәуелсіздігінің жылдарында) / Қоғамдық пікір зерттеу институты ақпараттық-талдау орталығы 2017 ж. <http://iac.kz/kk/analytics>

## FROM TEACHING IN A ROOM TO TEACHING IN THE ZOOM. EXPERIENCES FROM SWEDISH UNIVERSITY OF AGRICULTURAL SCIENCES

*Zamaratskaia G. - Associate Professor, Lecturer, Swedish University of Agricultural Sciences, Department of Molecular Sciences, Uppsala, Sweden*

*COVID-19 Pandemic has taken the world by storm. Overnight, the traditional classes have been transformed to fully online classes and the traditional teachers have become virtual teachers. Educational programs at Swedish university of agricultural sciences at all levels were adjusted to distance education in zero time. Courses of all size, discussions, workshops, seminars and real-time online group sessions have been held via a variety of videoconferencing platforms such as Zoom. To be able to teach online with confidence, interactively and dynamically in future, we need to share teaching experiences within and between universities worldwide. The present article describes teaching experiences from Swedish University of Agricultural Sciences, Department of Molecular Sciences and some methods we used in virtual education of agronomists-food scientists. The article highlights the importance of online education and discusses its future in sustainable development.*

*Keywords: Online education; Zoom platform; Virtual classes; Sustainable education*

### Introduction

Today we face a lot of challenges in high education. Following the outbreak of COVID-19 during 2020, many countries closed schools and high education institutions to prevent the spread of the virus. Teaching at higher education institutions worldwide had to move online on very short notice. Online education became ubiquitous. Crisis situations uncovered the strengths and weaknesses in existing education practice. Although learning at home and independently is an essential part of higher education, a situation caused by COVID-19 is unique and was described by the term “emergency online learning” [1]. Gabriel and Longman [2] highlighted the needs to better understand the technology involved in online education and ability to provide relevant technical support to students.

There are many factors which determine successful online teaching and learning. Daumiller et al. [3] discussed how teachers’ achievement aims affect their approach of handling the shift to online teaching during the COVID-19 pandemic in Germany. Daumiller et al. [3] stated that “the shift may be perceived as useful for faculty members with strong strivings to improve their competences and learn something new, while for those who are concerned about performing poorly, it might be perceived as more threatening”. Yates et al [4] described students’ experience of online learning during Covid-19 in New Zealand and concluded that supportive pedagogy and appropriate use of technology supported motivation, collaboration and authentic learning activities.

### *Role of virtual education in sustainable development*

High-quality education is a great investment in future and a powerful instrument for transformation and change for a sustainable future. There is a close relation between quality of education and social sustainable development. To successfully reach the goals for sustainable development, modern education should provide the knowledge, values and attitudes necessary in shaping a sustainable future.

### *Study aims*

The first aim of the present study was to evaluate relevance of virtual internship. The second aim was to evaluate efficacy of pre-recorded lectures. We also provide own experience and identify areas where improvement is needed.

### *Case study 1. Virtual internship*

A virtual internship was organized in January-February 2021 for PhD students and master students from S.Seifullin Kazakh Agrotechnical University and Mogilev State University of Food Technologies. The work starts with identification of needs of the students and selection of pedagogical approach. Accordingly, the internship was focused on improvement of skills in scientific writing and selection of international journals for eventual publication. All lecturing was performed via zoom. Major focus was put on independent work. After each lecture, the participants received a home work which included writing of a specified part of scientific article, and feedback was provided individually to each student via email. Additionally, some invited lectures were included where teachers from SLU and representatives from RISE (Research Institutes of Sweden AB). The participants received information about different aspects of education at SLU, and had opportunities to meet SLU professors and PhD students. Internship evaluation demonstrated that the content was appreciated. The overall impression of the internship received the highest score. Internship evaluation also included the specific question about online activities: "Unfortunately due to pandemic situation, the internship was run entirely online. Please describe advantages and disadvantages of online internship." Here some examples of the answers: Student 1: "Well, live communication of course cannot be replaced by anything, but nevertheless everything was at the highest level. If the internship was held offline, we would be able to see everything with our own eyes, how laboratory tests are conducted". Student 2: "Despite the pandemic, we had the opportunity to actively participate in a foreign internship. That erased many obstacles, like financial costs, preparation of documents, and most importantly time. We were able to get acquainted with foreign colleagues. That is, we managed to save resources and work more quickly on assignments". Student 3: "Advantages: saving time, convenience. Disadvantages: communication problems, failed to visit SLU". Thus, one of the benefits of a virtual internship is its flexibility and possibility to work at any point of the day from any place depending on the agreement with tutor.

#### *Case study 2. Pre-recorded lectures*

From the perspective of many teachers at SLU (personal communication), lecture pre-recordings are of low educational value because they are incomplete without face-to-face demonstrations, explanations and immediate feedback. Similarly, other studies demonstrated that pre-recording lectures did not lead to improvement of student outcomes [5]. Indeed, the wide variations in lecture qualities, sometimes simply due to available technologies and inappropriate implementation strategies due to limited time have led to a variety of results. There is no obvious relationship between the use of pre-recorded lectures and learning achievements [6-8]. On the other hand, pre-recorded lectures as supplementary material can be useful and creative way to help students better understand new material. The author has a long experience in a use of pre-recorded lectures followed by face-to-face seminars. Obvious advantages of pre-recorded lectures are following: accessibility anytime from variable mobile devices; learning at an individual pace. Students can watch recorded lectures as many times as they need to retain the information for longer.

Thus, providing well prepared and technically-advanced multimedia might be solution to transfer knowledge in an optimal way. The author aware that this is a costly and time-consuming process which includes a choice of appropriate technologies, learning new software and more careful preparation of teaching material. However, in a long term, video based learning can be very cost effective, if one video can be used in several courses during several years.

Nowadays, we have access to a wide variety of multimedia creation tools. At SLU, Kaltura is often used.

#### *Benefits of online education*

After almost one year of emergency online teaching, we can take a closer look at the different activities, summarize benefits and drawbacks of online education. The online education certainly offers a number of benefits. Obviously, online classes allows multinational participation simultaneously. Lecturing and other online activities can be conducted with students in a variety of countries in real-time. As global intercultural cooperation is required to support and achieve sustainable development goals, online education can be regarded as a sustainable model for higher education.

Lectures conducted in the zoom classrooms can theoretically be recorded and replayed by students to review the material, but all participants must be informed that the lecture will be recorded in advance.

#### *Drawbacks of online education*

Every teacher knows what it might be challenging to provide new topics and instructions to the students. It usually starts with a lecture, followed by a stream of questions from students and discussion. While this process can be sometimes frustrating, students can always rely on the teacher in the room when they're stuck. Online education makes this opportunity difficult. Some students stated that online education is lonely, anti-social and provides too little feedback compared to traditional education. It should be also remembered that not all students find online education beneficial due to their learning preferences and styles [9]. Additionally, the distance learning made it difficult to understand some concepts meant to be studied in

laboratory. Here is some comments on distance learning from the course Animal Food Science, given at SLU: "I found it a bit more difficult to stay focus when listening to online lectures than in "real life teaching". "I was really disappointed not to be able to visit some farms / slaughterhouses and do the planned excursions".

Major challenges in online education are summarized in Table 1.

**Table 1. Issues and challenges in online education (own experience)**

Item	Issue	Solution
Pedagogical methods	We had too little experience and sometime feeling of lack of competence in organizing online educational activities	Harmonization of competence at university level, organizing courses for teaches, sharing experience with other universities and educational institutes
	Need for teaching materials and organization of activities to engage and maintain students' motivation	The online learning process can be achieved by combining recorded videos and live courses with greater online interaction
Social interactions	Feeling of social isolations among students	Increased student-to-student Interaction by designing tasks supporting collaboration and involvement of groups work Increased use of thematic discussion forums.
	Feeling of limited feedback from teacher	Organization of webinars and workshop online; individual feedback either by email on in virtual classroom.

### Conclusion

Education is one of the key factors in the promotion of sustainable development. Quality of education mainly determined by the input in the form of content and pedagogical methodology, whether traditional or online. As for traditional education, a careful monitoring of the progress and quality of the online education is required. The lessons we learned and experience we gained about online teaching in crisis situations should not be forgotten. Instead, it should be used to improve and further develop pedagogical methods after the crisis.

### References

1. **Murphy MPA, COVID-19 and emergency eLearning: Consequences of the securitization of higher education for post-pandemic pedagogy** [Text]:/ Murphy MPA. -Contemporary Security Policy, 41 (3), 2020. - p. 492-505.
2. **Gabriel M, Longman S. Staff perceptions of e-Learning in a community healthcare organization** [Text]:/ Gabriel M, Longman S. - Online Journal of Distance Learning Admin. - 2004; - 7(3).
3. **Daumiller M, Rinas R, Hein J, Janke S, Dickhäuser O, Dresel M. Shifting from Face-to-Face to Online Teaching During COVID-19: The Role of University Faculty Achievement Goals for Attitudes Towards This Sudden Change, and Their Relevance for Burnout/Engagement and Student Evaluations of Teaching Quality** [Text]:/ Daumiller M, Rinas R, Hein J, Janke S, Dickhäuser O, Dresel M. - Computers in Human Behavior 118, 106677. – 2021.
4. **Yates A, Starkey L, Egerton B, Flueggen F. 2020. High school students' experience of online learning during Covid-19: the influence of technology and pedagogy, Technology, Pedagogy and Education** [Text]:/Yates A, Starkey L, Egerton B, Flueggen F. – 2020. DOI: 10.1080/1475939X.2020.1854337
5. **Smith G, Fidge, C. On the Efficacy of Prerecorded Lectures for Teaching Introductory Programming** [Text]:/ Smith G, Fidge C. - Conferences in Research and Practice in Information Technology Series, 2008. - p.78.
6. **Franklin DS, Gibson JW, Samuel JC, Teeter WA, C.W. Clarkson CW. Use of lecture recordings in medical education** [Text]:/ Franklin DS, Gibson JW, Samuel JC, Teeter WA, C.W. Clarkson CW. - Medical Science Educator 1, 2011. - p.21-28.
7. **McNulty JA, Hoyt A, Gruener G. et al. An analysis of lecture video utilization in undergraduate medical education: associations with performance in the courses** [Text]:/ McNulty JA, Hoyt A, Gruener G. - BMC Med Educ 9, 2009. - p.6
8. **Shaw GP, Molnar D. Non-native English language speakers benefit most from the use of lecture capture in medical school** [Text]:/ Shaw GP, Molnar D. - Biochemistry and Molecular Biology Education, 39, 2011. - p.416-420.
9. **Balakrishnan V, Gan CL. Students' learning styles and their effects on the use of social media technology for learning** [Text]:/ Balakrishnan V, Gan CL. - Telematics and Informatics 33 (3),2016. - p.808-821.

ӨОЖ 94 (574)

## АЛТЫН ОРДАНЫҢ БАТЫС СІБІР ҰЛЫСЫ: ОТАНДЫҚ ТАРИХНАМАДАҒЫ КӨРІНІС

*Аманжол Күзембайұлы - тарих ғылымдарының докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің профессоры*

*Еркін Әбіл - тарих ғылымдарының докторы, профессор Мемлекет тарихы институтының директоры*

Мақалада Сібір, Батыс Сібір ұғымдары, оны мекендеген Тайбұға жұрты, Керей, Сібір хандығының этникалық тарихы Алтын Орада, қазақ хандығы негізінде қарастырылған. Қожаберген жырау, Дәстем Қарабасұлы, Құрбанғали Халид, Шәкірім Құдайбердіұлының деректері және Манаш Қозыбаевтың Қадіржан Әбуітің, Мұрат Әдіровтың еңбегіндегі сібір ұлысына қатысты мәселелерге тарихнамалық талдау оған жасалынды. Сонымен қатар ресей тарихшыларының еңбектері де қарастырылды.

*Түйінді сөздер: Сібір, Батыс Сібір, Тайбұға, Ермак, Керей, Қожаберген жырау.*

Өткен жылы қазақ тарихына тікелей қатысы бар Тайбұға жұртының мемлекет құрғанына 800 жыл толды. Өкініштісі сол айтулы дата ескерусіз қалды. Қазақ тарихнамасында халқымыздың тарихын еліміздің бүгінгі территориясы аясында зерттеу дәстүрі қалыптасқан. Мемлекетімізден тыс жерде ғұмыр кешіп жатқан қандастарымызды диаспора қатарына жатқызып олардың тарихын зерттеуге мән бере қоймаймыз.

Ықылым заманнан бері бүгінде «Батыс Сібір» деп аталатын географиялық өңірде түркі тайпалары өмір сүріп келеді. Қазір түркі халықтары бұл өңірде орыс этносынан кейінгі орынды алады. Ал Ресей тарихшылары түркі халықтарының тарихына онша көңіл бөлмейді, оған жүрдім-бардым қарайды. Сол себептен олардың тарихы күңгірт зерттелген тақырыптардың қатарында. Мақаламыздың басында зерттеліп отырған объектінің географиялық кеңістігін айқындап алалық. **Сібір** термині 1240 ж. жарық көрген "Моңғолдардың құпия шежересінде" кездестіреміз. Ібір, Сібір атаулары Мысыр тарихшысы әл-Ома-ри еңбегінде кездеседі. Бұл сөздерді ол - Тобыл мен Ертіс өзендерінің арасы деген мағына береді деп ашқан. Соған қарағанда ерте кезде осы екі өзенді Ібір және Сібір деп атағанға ұқсайды. Екінші бір пікір: «Сібір» деп алғашқыда Тобыл мен Ертіс өзендерінің алқабын айтқан дейді [1]. Ерте заманда Тобылды-Ібір, Ертісті-Сыбыр деп атаған дейді.

XIV ғасырда Сібір хандығының болашақ астаналары батыс-еуропалықтардың карталарында кездесе бастайды: Қашлық "Sebur" ретінде венециандық ағайынды картографтар Франциск пен Доминик Пициганилердің XIV ғасырда жасаған карталарына да енгізген (1367), ал Чинги-Тура "Singu" ретінде Каталон атласында (1375). Сібір (Түмен) хандығының құрылуына негіз болған өкімшілік-саяси бірлікті анықтау барысында екі негізгі пікір қалыптасты.

Алайда ғалымдар "Сібірдің" қамтыған аумағын сенімді түрде нақтылай алмауда. Палладидің тұжырымына сәйкес - бұл Барабин жазықтығының сол-түстігі (Ертіс пен Обь арасы).

XIII ғасырдың басында Керей хандығы ыдырады. Оның соңғы ханы Тоғрылдың ұрпақтары бірнешеге бөлінді. Олардың негізгі бөлігі Шыңғысхан құрған мемлекеттің құрамына енді. Ханның Үкі есімді баласының (кейбір шежіре аңыздарда Ұйқы дейді, ал қытай деректерінде Тоғрыл ханның бір ұлының есімі Ойху) немересі Тайбұға [2, с. 191] інісі Тайшықпен XIII ғасырдың бірінші жартысында бір қауым елді соңына ертіп Сібірде хандық құрды. Деректерде оның хандық құрған уақытын 1220 жыл деп көрсетеді. Тайбұға Шыңғыс ханның құрметіне өзінің астанасы Тура қаласын Чимги-Тура деп атаған [3]. Қазір ол қаланың орнында Тюмень қаласы орналасқан. Батысында Орал тауынан, солтүстігінде ит жегіп, аң аулап, бұғы өсіруді кәсіп еткен воогулдар, қазіргі уақытта халқының саны 15 мыңнан аспайтын хантыр мен мансылар) шығысында Енисей, Ангара өзендері, оңтүстістік шығысында Алтай өлкесіне дейін қамтыған, оңтүстігінде қазіргі қазақ жерінің Торғай даласы, Қорғалжын, Нұра өңірі, одан асып Ұлытау аймағына дейін жеткен.

**Сібір жұртының этникалық құрамы әрқилы.** Тарихи деректерде біресе Сібір жұрты, енді бірде Тайбұға жұрты атауымен белгілі мемлекеттің негізгі құрамына қазіргі қазақ рулары **керей, уақ, кіші жүздің жеті ру бірлестігі, орта жүздің тарақты, қыпшақ, арғындар** кірді. Сібір хандығы ыдырағаннан кейін бұл тайпалардың көпшілігі Есім ханның заманында өз жерлерімен Қазақ хандығының құрамына кірді. Кейбір рулық қауымдары Башқұрт халқының, Сібір мен Түмен, Тебриз, Бараба татарларының құрамында да бар. Бір ғана башқұрт ішіндегі – яғалмайлы, тамянлы, табунлы және гирей руларының атаулары көп жайттардан хабар береді. Башқұрт ішіндегі Гирей руы Идель гирей және Орман гирей болып екі топқа бөлінеді. Олар өздерінің түп тамырын Керейдің Буюрук ханынан

таратады. Сонымен қатар хандық құрамына орыс ғылымында «сібір татарлары» деп аталатын көптеген түркі тайпаларымен қатар хант және манси тайпалары да кірді.

